

Қожа Ахмет Ясауи атындағы халықаралық қазақ-түрік университеті
Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар факультеті
Педагогика және психология даярлау бағыты бойынша академиялық комитет
мәжілісінің

№ 3 ХАТТАМАСЫ

Түркістан қаласы

«28» 11.2023ж.

Қатысқандар: АҚ төрағасы: п.ғ.к., доцент м.а. А.Қ.Рысбекова, АҚ мүшесі, академиялық персонал С. Алимбекова, АҚ мүшесі, академиялық персонал П.Қ.Искакова, АҚ мүшесі, академиялық персонал п.ғ.к., доцент Ж.Н.Садуова, АҚ мүшесі, академиялық персонал PhD аға оқытушы Ж.Бураева, АҚ мүшесі, академиялық персонал аға оқытушы С.У.Паштанов, АҚ мүшесі, академиялық персонал магистр оқытушы Д.С.Жаркынбекова.
Қатыспағандар: - жоқ

Күн тәртібі:

1. Магистратура деңгейіндегі ББ мақсаттарын және оқыту нәтижелерін қайта жобалау.
2. Бірлескен ББ әзірлеу тақырыбына семинар, тренинг ұйымдастыру
3. Қараша айында атқарылған іс шаралар нәтижесін талдау

Өртүрлі түрлі мәселелер: Дипломдық жоба тақыраптарын талқылау және рецензенттер тізімін анықтау

Тыңдалды:

АҚ төрағасы А.Рысбекова: Магистратура деңгейіндегі ББ мақсаттарын және оқыту нәтижелерін қайта жобалау.

Саламатсыздарма, АҚ мүшелері, бүгінгі күн тәртібіндегі бірінші мәселе магистратура деңгейіндегі ББ мақсаттарын және оқыту нәтижелерін қайта жобалау. Магистратура деңгейіндегі ББ мақсаттарын және оқыту нәтижелерін қайта тұжырымдауымыз керек. ББ бағдарламасы кемінде 120 академиялық кредит міндетті түрде менгеріледі.

Магистратура деңгейіндегі ББ мақсаттарын және оқыту нәтижелерін қайта жобалау үшін осы білім беру бағдарламасындағы нарықтың қажеттілігі анықтадық, білім беру процесін ұйымдастыру мүмкіндіктері тұрғысынан, оның ішінде білім беру ұйымы серіктестерінің ресурстарын тартуды ескере отырып, модульдер бөлінісінде қажетті кадрлық тізбесі айқындалады. Белгілі бір құзыреттілік бейініне сәйкес оқыту нәтижелері және оларға қол жеткізу өлшемдері қалыптастырылады. Біз педагогикалық жобалау технологиясын қолдану арқылы модуль, пәндер және тәжірибелерді айқындадық. Білім беру бағдарламасының мақсаттары тұжырымдалады.

БББ мақсаттар бағдарламаның негізгі тұтынушыларының ұсыныстары негізінде қалыптастырылады. ББ мақсаттарын анықтау кезінде оларды бағдарламаны іске асыруға қатысатын әзірлеушілер тобында да АҚ құрамымен талқылау жүргізілді. Мақсат білім алушыларға қолжетімді болуы тиіс. Құзыреттіліктерде негізделген оқыту нәтижелері білім беру бағдарламасы, модуль және жеке пән деңгейінде әзірленеді. Оқу нәтижелеріне бағдарлама бойынша оқуды аяқтаған кезде барлық түлектер қол жеткізуі тиіс.

АҚ мүшесі - Садуова Ж.: академиялық комитет кәсіптік қызмет салаларын және ББ түлегі құзыреттіліктерінің бастапқы тізбесін қалыптастыру үшін төмендегі құжаттарды зерттедік. Олар: білім берудің халықаралық стандарттық классификациясын (ISC ED); Еуропалық біліктіліктің шеңберін (EQF), Ұлттық біліктілік шеңберін (ҰБК), салалық біліктілік шеңберін (СБШ), кәсіби стандарттарын (КС), Мемлекеттік жалпы білім беру стандартын, лауазымдарға қойылатын біліктілік талаптарын.

Білім, дағдылар, еңбек салаларын зерттеу нәтижелері ББ-ның кәсіби маңызды құзыреттіліктері және оқу нәтижелері болып жобаланады.

АК мүшесі – Алимбекова С.: ОН оқу деңгейіне, кәсіби стандарттардың талаптарына және жұмыс берушілердің талаптарына, сондай-ақ Университеттің даму Бағдарламасына бағытталған құзыреттіліктеріне байланысты қалыптасалы. ОН ББ-на бөлінетін тиісті пәндердің еңбек сыйымдылығының академиялық кредиттердегі көлемін анықтау үшін негіз болады. ББ жалпы еңбек сыйымдылығы тиісті деңгейдегі жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарында көрсетілген еңбек сыйымдылығынан кем болмауы тиіс. ББ-да пәндер мен ОН арасындағы байланыс міндетті түрде анықталуы керек.

АК төрағасы А.Рысбекова: Егер сұрақ болмаса келесі мәселеге көшсек.

2. Күн тәртібіндегі екінші мәселе: Бірлескен ББ әзірлеу тақырыбына семинар, тренинг ұйымдастыру.

АК төрағасы А.Рысбекова: Бірлескен білім беру бағдарламасы – екі немесе одан да көп ЖЖОҚБҮ-серіктестер қазақстандық немесе қазақстандық және шетелдік білім беру ұйымдары әзірлеген және іске асыратын, бағдарламаны сәтті меңгерген түлектерге жоғары білім туралы тиісті құжаттарды (транскрипттер, сертификаттар) бере отырып, ЖЖОҚБҮ бірлескен дәрежелерін беруді көздейтін білім беру бағдарламасы.

Бірлескен БББ - жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру серіктестері ұйымдарының білім беру бағдарламаларын үндестіруге негізделген және тараптардың бағдарламаның мақсаттары мен мазмұнын айқындау, оқу процесін ұйымдастыру, берілетін дәрежелер немесе берілетін біліктіліктер сияқты мәселелер бойынша ортақ міндеттемелерді қабылдауымен сипатталатын бағдарлама. Бірлескен БББ ЖЖОҚБҮ-серіктестер арасындағы шарт негізінде әзірленеді, бұл ретте ЖЖОҚБҮ серіктес бірлескен білім беру бағдарламасы құрылатын БББ даярлау бағыттары бойынша кадрлар даярлауды жүзеге асыру. Бірлескен білім беру бағдарламасын әзірлеу және іске асыру мәселелерін реттейтін негізгі құжат бағдарламаға қатысушы ЖОО жасасатын бірлескен білім беру бағдарламасы туралы келісім болып табылады. Жасалатын келісім екі талапқа сай болуы тиіс: - серіктес жоғары оқу орындарының орналасқан елдерінің қолданыстағы заңнамасына қайшы келмеу; - бірлескен білім беру бағдарламасын іске асыру кезінде тараптардың өзара қарым-қатынасын реттеу үшін елеулі және барлық өзге де қажетті жағдайларды қамтуы міндетті.

АК мүшесі, магистр оқытушы Д.Жаркынбаева: А.Рысбекованың «Бірлескен ББ әзірлеу тақырыбына семинар, тренинг ұйымдастыру» тақырыбында өткен семинарды ұйымдастырудың мақсаты – «Педагогика және психология» ББ жобасын жасауға бағытталған тәжірибемізді жетілдіру болды. Семинарда жасалған баяндама барысында АК мүшелері білім беру бағдарламасының мазмұнын жобалау технологиясымен танысты. АК мүшелерімен талдау жасалды.

А.Рысбекова осы семинарда АК мүшелерімен тренинг өткізіп, көп мәлімет берді. Семинардың тиімділігі осында болады.

АК төрағасы А.Рысбекова: Құрметті әріптестер күн тәртібіндегі қаралған мәселелер бойынша шешімін табатын көптеген мәселелер кездесуі мүмкін. Егер жұмыстарды бірігіп жасасак барлық жұмыстар шешімін табады-деп ойлаймын.

Шешім: 1. Магистратура деңгейіндегі ББ мақсаттарын және оқыту нәтижелерін қайта жобалау кезең-кезеңмен іске асырылсын.

1. Бірлескен ББ әзірлеу тақырыбына семинар, тренинг ұйымдастыру қанағаттанарлық деп табылсын. Бірлескен ББ әзірлеу жұмыстары бойынша мүмкіндіктер қарастырылсын.

АК төрайымы:



А.Рысбекова

Хатшысы:



С.Паштанов